

**Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 3 "2013 жылға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына өзгеріс енгізу туралы**

Қостанай облысы Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 21 қазандағы № 291 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 18 қарашада № 4300 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне оларды Қазақстан Республикасының Мемлекеттік жоспарлау жүйесімен сәйкестендіру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2013 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Қамысты ауданы әкімдігінің 2013 жылғы 9 қаңтардағы № 3 "2013 жылға арналған ақы төленетін қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру туралы" қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 3999 болып тіркелген, 2013 жылғы 1 ақпанда "Қамысты жаңалықтары - Камыстинские новости" аудандық газетінде жарияланған) мынадай өзгеріс енгізілсін:  
көрсетілген қаулыға кіріспе жаңа редакцияда жазылсын:

"Халықты жұмыспен қамту туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Заңы 7-бабының 5) тармақшасына, 20-бабының 5-тармағына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2001 жылғы 19 маусымдағы № 836 қаулысымен бекітілген, Қоғамдық жұмыстарды ұйымдастыру мен қаржыландыру ережесінің 6, 7, 8 тармақтарына сәйкес Қамысты ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары **Ғазиз Ғұмарұлы А х м е т ч и н г е** жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Ж. Бисимбаев*